

**«8D02202 - Тарих» мамандығы бойынша PhD докторы гылыми
дәрежесін ізденуге ұсынылған «1964-1985 жәж. Орталық Қазақстандағы
ауыл елді-мекендері тұргындарының күнделікті өмір тарихы» атты
тақырыптағы Үбірайхан Марат Үбірайханұлының
диссертациясына гылыми кеңесші т.ғ.д., профессор
Сактаганова Зауреш Галимжановнаның
ПІКІРІ**

М.Ы. Үбірайханның қорғауға ұсынылған диссертациясы өзекті тақырыпта орындалған, оны әзірлеу қажеттілігі көркем және ғылыми әдебиетте «тоқырау» кезеңі (1964-1985 жж.) деп аталатын кеңестік постхрущевтік кезендегі жинақталған тарихи тәжірибелі зерттеу міндеттерімен анықталады.

Ауылдық елді мекендерде ел халқының жартысына жуығы өмір сүреді. Ауылдық аймақтарда қалыптасқан ұлттық құндылықтар мен аграрлық кеңістікке тән адамдардың мінез-құлқы мен ойлау нормалары айқын сақталған. Еліміздің дамуындағы көптеген маңызды себеп-салдарлық байланыстарды және XX ғ. 90-шы жылдары мен ғасырлар тоғысындағы бірқатар тарихи өзгерістерді ауылдық аймақтардағы күнделікті өмірдің ерекшеліктерін зерттеу және қалпына келтіру арқылы түсіндіруге болады. Бұл докторанттың зерттеуіне ерекше мән беруге себеп, себебі ол ауылдық аймақтың күнделікті өмірінің тетіктерін зерттеуге, кеңес дәуіріндегі ауылдық аймақ тұрғындарының қазіргі жағдайға әлеуметтік бейімделуін, XXI ғасырда еліміздің аграрлық сегментінде пайда болған жаңа сын-қатерлерді қарастыруға мүмкіндік береді.

XX ғасырдың екінші жартысындағы Орталық Қазақстанның этнодемографиялық әртүрлілігі, жаңа технологияларды қолдану және ауылдық аймақтардағы басқа да ірі әлеуметтік, экономикалық, мәдени өзгерістер дәл осы кезеңде көрінді. Қоғамның трансформациясы «брежневтік» деп аталатын кезеңде жүзеге асырылған реформалармен байланысты. Күнделікті өмір мәселелері тек тарих ғылымындаға қарастырылмайды, олар басқа әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар аясында зерттеледі. Ауыл тұрғындарының күнделікті өмірі мәселелері соңғы онжылдықта қазақстандық тарихнамада да арнайы зерттеудердің нысаны және пәнніне айналуда. Ізденушінің жұмысы пәнаралық сипатқа ие, өйткені ол ауылдық аймақ тұрғындарының күнделікті өмірін, олардың материалдық және рухани әлемін күнделікті тарих, әлеуметтік тарих, микро тарих және т. б. тұрғысынан зерттейді. Диссертациялық зерттеу тақырыбы жұмыстың өнірлік аспектісімен байланысты өзекті бола түседі.

Бұған дейін отандық тарихнамада негізінен қалалық кеңістіктегі тұрғындардың, арнайы қоныс аударушылардың және т. б. күнделікті өмірі зерттелген. Қазақстанда еліміздің орталық өнірінің ауылдық аймағындағы күнделікті өмірінің тарихының қарастырылуы және осы мәселені зерттеуде қолданылатын кешенді тәсіл диссертациялық зерттеудің жаңалығының бір аспекті болды.

М. Үбірайханның диссертациясы кіріспеден, төрт бөлімнен, 12 кіші бөлім/параграфтан, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер және әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан тұрады. Жұмыс қойылған міндеттерге

сәйкес логикалық бірізділікпен құрылымдалған; тиісті құрылымдық элементтермен қамтылған. Диссертацияның төрт бөлімінде Орталық Қазақстанның ауылдық аудандары тұрғындарының күнделікті өмірінің тарихы ұсынылған, бұл өнірдің ауылдық өміріндегі әртүрлілігінің толық бейнесін қайта жаңғыртуға және ұсынуға мүмкіндік береді.

Диссертацияның кіріспе бөлімі мәселені теориялық тұрғыдан түсінуге қажетті барлық элементтерді қамтиды. Автор зерттеу мақсаты мен міндеттерін нақты көрсетеді, зерттеу объектісі мен пәні туралы өзінің көзқарасын дәйекті түрде тұжырымдайды, ауылдың күнделікті өмірі құрылымындағы шаруашылық-тұрмыстық тәжірибелердің трансформациясының иерархиялық байланыстарын қурады.

Зерттеудің аумақтық шеңбері өткен ғасырдың 60-80-ші жылдарындағы кеңестік қазақстандық қоғамның әкімшілік-аумақтық интеграциясы жағдайындағы, өнірлік қоғамдастықты қалыптастыру ерекшелігін ескеретін жүйелі тәсілмен айқындалады.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы, біздің ойымызша, Орталық Қазақстанның ауылдық аймақтағы қоғамдастырының (қазіргі Қарағанды және Ұлытау облыстарының барлық аудандарын қамтитын) күнделікті өмірін талдаудың жүйелілігімен, еңбек, шаруашылық, тұрмыстық күнделікті өмірді кеңістіктік-уақыттық ұйымдастыруды трансформациялау процесін, белгіленген хронология шеңберінде ауылдық аймақтың және тұрғындарының әлеуметтік идеялары мен мінез-құлқы жүйесінің мазмұнын зерделеумен, аталған мәселелерді ғылыми зерттеудің алғашқы тәжірибесімен, мәселенің таңдалған аспектілерін ашатын бүрүн жарияланбаған құжаттарды алғаш рет ғылыми әзірлеумен айқындалады.

Зерттеудің әдіснамалық негіздері бойынша зерттелген мәселедегі авторлық көзқарастың күнделікті тарих, жаңа әлеуметтік тарих, микротарихты жақтаушылардың теориялық және әдіснамалық көзқарастары тұжырымдамаларымен үйлесімділігін атап өтеміз. Диссертацияда тұжырымдалып алғынған әрбір ғылыми ережелердің, тұжырымдардың негізділігі мен сенімділік дәрежесі 1964-1985 жылдар кезеңіндегі ауылдық күнделікті өмірдің өзгеру процестері туралы дереккөздер корпусының жаңалығымен және іргелі болуымен, кеңестік, ресейлік және шетелдік зерттеушілердің жетістіктерін тарта отырып, оларды сынни талдаумен расталады.

Диссертациялық мәселе бойынша алдыңғы тарихнаманың едәуір бөлігі диссертациядағы тарихнамалық талдаудың өзегіне айналды. Жалпы, диссертацияда ғылыми жарияланымдардың кең көлемі зерттеліп, тарихнамадағы үш топ анықталған: шетелдік, кеңестік және қазіргі заманғы отандық.

Диссертация әдебиеттер тізіміндегі 400 – дең астам атаулармен: 200-ге жуық сілтеме монографиялармен, диссертациялық жұмыстармен, ұжымдық жинақтармен және жұмыстың теориялық, зерттеу негізін қураған ғылыми мақалалармен ұсынылған. Тарихнамалық талдау нәтижесінде автор «тоқырау жылдарындағы» Орталық Қазақстанның ауылдық аймағындағы тұрғындардың күнделікті өмірі алғаш рет арнайы зерттеудің нысанына айналғанын атап өтеді. Бұл сонымен қатар диссертациялық зерттеудің жаңалығының бір аспектісі.

Қорытындылар мен тұжырымдарды дәлелдеу үшін жарияланған дереккөздерден басқа автор, жеті архивтың: Қазақстан Республикасының орталық және облыстық архивтерінің (Қазақстан Республикасы Президентінің архивы, Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивы, Қарағанды облысының Мемлекеттік архивы, Ұлытау облысының Мемлекеттік архивы) және Ресей Федерациясының орталық архивтерінің (Ресей Федерациясының Мемлекеттік архивы, Ресей Мемлекеттік Экономика архивы, Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивы) жалпы жиырмадан астам қорының материалдарын пайдаланған. Диссертациядағы дереккөздер корпусын жіктеу кезінде тарихи баяндау көздерінің жалпы қабылданған типологиясы бойынша келесі жүйелеу критерилері пайдаланылды: нормативтік-құқықтық сипаттағы құжаттар, іс-қағаз құжаттары, статистикалық материалдар, мерзімді басылым материалдары және т. б. Олардың ішінде автор екі топты ажыратады: жарияланған материалдар және жарияланбаған архивтық құжаттар.

Жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізіміндегі сілтемелердің жартысы әртүрлі мұрағаттық құжаттардан және көптеген ауызша дереккөздерге сілтемелерден тұрады. Автор 121 респонденттен интервью алған, олардың еңбек еткен және еңбектен тыс, демалыс уақыттары зерттелген кезеңге сай келеді. М. Ыбырайхан интервью алған респонденттердің 88% – ы қазақтар, 12% - ы-қазақ емес (европалық, славян) этностардың өкілдері, интервью алынған тұлғалар арасында ерлер мен әйелдердің көлемі тең болып келеді. Респонденттердің арасында 1930-1960 жылдары туғандар, негізінен 60-80 жас аралығындағы тұлғалар басым бөлікті құрайды. Интервью үзінділері жұмыстың үш бөлімінде және қосымшаларда сілтемелер арқылы берілген. Диссертациялық жұмыстың мұрағаттық және ауызша дереккөздерге сүйенуі, сондай-ақ олардың көпшілігін ғылыми айналымға алғаш рет енгізу, біздің ойымызша, жұмыстың құндылығын арттырады.

Диссертация ғылыми-практикалық қолданылуы және маңыздылығына байланысты қызығушылық тудырады. Зерттеу нәтижелері Қазақстан тарихы, өлкетану және т. б. бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу және оку курстарын әзірлеу кезінде пайдаланылуы мүмкін. Диссертациялық зерттеудің теориялық қорытындылары және алынған нәтижелер ауылдық елді мекендерді басқару және Қазақстан Республикасының қазіргі жағдайында әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тұрмыстық салаларда шаралар қабылдау жөніндегі практикалық ұсынымдар үшін негіз бола алады.

Зерттеу нәтижелері талаптарға сәйкес сыннан өткен: ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 6 мақала және халықаралық конференция материалдарында 6 мақала жарияланған.

Диссертациямен жұмыс барысында ізденуші өзін теориялық және әдіснамалық тәсілдерді менгерген, зерттелетін мәселе бойынша зерттеу және дереккөз кешендерін талдаған қалыптасқан зерттеуші ретінде көрсетті. Қазақстандық тарихнамада бұл зерттеу дербес және бірегей болып табылады, Орталық Қазақстанның ауылдық құнделікті өмір тарихы бойынша диссертациялық жұмыс отандық тарихнамадағы алғашқы зерттеулердің бірі болып табылады.

Жоғарыда айттылғандардың барлығы М.Ы. Ыбырайханның философия

докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «1964-1985 жж. Орталық Қазақстандағы ауыл елді-мекендері тұрғындарының күнделікті өмір тарихы» диссертациялық зерттеуі диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келетінін және 8D02202-Тарих мамандығы бойынша диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынуға лайық екенін көрсетеді.

Ғылыми кеңесші,
профессор, тарих ғылымдарының докторы,
академик Е.А. Бекетов атындағы
Қарағанды университетінің
профессор-зерттеушісі

З.Г. Сактаганова

